

"Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында ұсыныстар әзірлеу жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 1320 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 маусымдағы № 575 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында ұсыныстар әзірлеу жөнінде комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 1320 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	—	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға
Ноккин Серік Кеңесұлы	—	Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі, төраға орынбасары
Бәйсегірова Мира Сәрсенбіқызы	—	Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті директорын орынбасары, хатшы
Нысанбаев Ерлан Нұралыұлы	—	Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Алпысбаев Аманжол Әлиханұлы	—	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары
Нұрабаев Базарбай Қанайұлы	—	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технология министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасы;

мына:

«Кармазина» Лена Мағауияқызы	—	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Галиев Владислав Германович	—	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммунал шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары, төраға орынбасары
Әбішев Ислам Әлмаханұлы	—	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ресурстары комитетінің төрағасы»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« К а р м а з и н а
Лена Мағауияқызы

— Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспа
вице-министрі

Г а л и е в
Владислав Германович

— Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс :
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағаны
төрағаның орынбасары

Ә б і ш е в
Ислам Әлмаханұлы

— Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ресурстары комитетінің төрағасы»;

көрсетілген құрамнан Қырымбек Елеуұлы Көшербаев, Абай Мұқашұлы
Ескендіров, Мирлан Бегежанұлы Мұхамбетов, Марат Еркінұлы Толыбаев, Ольга
Александровна Титова, Құдайберді Байболұлы Орақ шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында
ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі комиссияның жұмыс
о р г а н ы б о л ы п т а б ы л а д ы . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов